



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

- \* **МО-43 тобының студенттері Нұрланова  
Ботагөз және Жакупова Назгүлдің  
21.01.13 – 4.15.13 аралығында кәсіби іс-  
тәжірибеден өтуі бойынша есебі**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

- \* **Кәсіби іс-тәжірибеден өту мақсаты:**
  - теориялық білімін іс-тәжірибеде жетілдіру;
  - мемлекеттік қызмет барысымен іс-жүзінде танысу;
  - мамандардан кәсіби тәжірибе алу.

- \* Нұрланова Ботагөз және Жакупова Назгүл кәсіби іс-тәжірибеден өту барысында басқарманың функционалды міндеттері мен мақсаттарын ескере отыра, келесі міндеттерді атқарды:
- \* құжат топтамаларын министрліктің іс номенклатурасына сәйкес қалыптастырды және мұрағат ісін жүргізді;
- \* министрліктің мұрағатқа тапсыратын құжаттарының рәсімделуі мен жинақталу тәртібімен танысты;
- \* ресми хаттар жазып, оларды рәсімдеді;
- \* халықаралық кездесулерді ұйымдастыруға қатысты;
- \* әртүрлі мазмұндағы құжаттарды қазақ, ағылшын, орыс тілдеріне аударды;
- \* мерекелік шараларға қатысты;
- \* электронды құжат айналым бағдарламасын меңгерді.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

\* Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мәдениет, ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық, этносаралық келісім, тілдерді дамыту, мұрағат ісі мен құжаттама, мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің **миссиясы** – мәдениет және ақпарат саласында сапалы және қолжетімді қызметтер көрсетуге, мемлекеттік және басқа тілдердің қарқынды дамуына, ел бірлігінің нығаюына, мемлекет пен азаматтық сектор әріптестігінің тиімді жүйесін қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу және тиімді іске асыру.

**Міндеттері:**

- 1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, ақпарат, мұрағат ісі мен құжаттама саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 2) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, ақпарат, мұрағат ісі мен құжаттама және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 3) Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.


# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



- \* Нұрланова Ботагөз және Жакупова Назгүл Мәдениет және ақпарат министрлігінде кәсіби іс-тәжірибеден өту барысында келесі тапсырмаларды орындады:
- \* Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі, Қытай Халық Республикасының Үкіметі, Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі, Тайланд Патшалығының Үкіметі, Социалистік Вьетнам Республикасы арасындағы мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастық туралы қабылданған екіжақты халықаралық келісімдерді,
- \* Мәдени өзін-өзі таныту формаларының әртүрлілігін қорғау және ынталандыру туралы Конвенцияны,
- \* Қазақстан-корей мәдени ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен комиссиясының екінші отырысының хаттамасын жүйелі түрде аударды;
- \* Мәдениет комитетінің құзыретіне жататын екі жақты халықаралық шарттардың іске асырылуы барысы туралы анықтамалық ақпараттарды және Мәдениет, ақпарат және мұрағат ісі саласындағы екі жақты шарттарды жинақтап, пысықтады;
- \* 2013 жылы Қазақстандағы Францияның мәдени маусымына жоспарланған шаралар тізімін құрды;
- \* 15 ақпанда Мәдениет және ақпарат Министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедұлы мен Түрікменстан Төтенше және Өкілетті Елшісі Акмадыров Мағтымұлы Қыясовичтің және 21 ақпанда Қырғызстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Омуралиев Эсенгул Касымовтың кездесуі бойынша пресс-релиз әзірледі;
- \* Халықаралық ынтымақтастық басқармасының 2008-2011 жылдар аралығын қамтитын құжаттарды мұрағаттады;
- \* 7 ақпанда ҚР Мәдениет және ақпарат Вице-Министрі А.Бөрібаев пен ҚР Француз Республикасының Төтенше және өкілетті Елшісі Ж.Ш.Бертонэ арасындағы,
- \* 1 наурыздағы Министр Құл-Мұхаммедұлы мен Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Омер Бурхан Тузель арасындағы,
- \* 27 наурызда Монако Патшалығының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Жента Эвилин арасындағы,
- \* 25 сәуірде Министр Құл-Мұхаммедұлы мен Польша Республикасының Ұлттық Ассамблеясының вице-министрі Е.Вендер арасындағы кездесулерді ұйымдастыруға қатысты.



\* Жұмыс барысындағы  
КЫЗЫҚТЫ СӘТТЕР...





- \* Кәсіби іс-тәжірибеден өту барысында басқарманың негізгі қызметі бойынша жұмыстармен айналыстық. Іс-тәжірибенің алғашқы кезеңінде құжаттамалық қызмет туралы нормативтік акті, ақпараттық анықтамалық, басқарма нұсқауларын және функционалды міндеттерімен таныстық. Сондай-ақ, мұрағат ісін жүргізу, құжаттарды рәсімдеу және жинақтау тәртібімен таныстық. Электронды құжат айналым бағдарламасын меңгердік. Нәтижесінде, құжаттарды өңдеу, оларды жіберу жүйесін үйрендік.
- \* Кәсіби іс-тәжірибеден өту барысында әртүрлі халықаралық деңгейдегі кездесулерге қатыстық. Кездесулерді ұйымдастыру барысында ресми кездесулерді жоспарлау тәртібімен танысып, теориялық білімімізді жетілдірдік. Хаттамалық этикет тәртібін іс-жүзінде орындадық.
- \* Сонымен қатар, ресми хаттарды жазу, рәсімдеу үлгісімен таныстық. Хат үлгілеріне сүйене отыра, өздігімізден хат жазуға дағдыландық. Сондай-ақ, халықаралық маңызы бар, мемлекетаралық келісімдерді, конвенция және құжаттарды аудардық. Нәтижесінде, аудармашылық қабілетіміз жоғары бағаланды.
- \* Қорыта айтқанда, кәсіби іс-тәжірибеден өту барысында мемлекеттік қызметкер құзырындағы міндеттерді атқаруға дағдыландық. Қызмет барысында өзімізге жүктелген міндеттерді сапалы орындауға, басшылық тапсырмасын уақытында тапсыруға, басқарма ұжымымен оңтайлы байланыс орнатуға тырыстық. Осыған орай, өзімізді болашақ білікті маман ретінде көрсете білгенімізге сенімдіміз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ



\* Назарларыңызға рахмет =))